"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ШЫҒЫС № 06-12-518
7. 04 2026

**Мектеп директорларына**

Аудандық білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы оқу-әдістемелік орталығының 2026 жыл 3 сәуірдегі №01-03/424 хатына сәйкес әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Абайдың 180 жылдығын қорытындылау және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 5 қарашадағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» аясында міндеттерді іс жүзіне асыру мақсатында өткізілген кеңейтілген Ғылыми кеңес мәжілісінде қабылданған Қаулыға сәйкес **Абайдың Кісілік кодексін** цифрлық форматта көрнекілік ретінде білім мекемелерінің аландарында орнату туралы ұсыныс хатын жолдайды.

*Қосымша: 4 бет.*

**Басшының м.а.** **Б.Самылтыров**

*Орындаған: Г.Қырықбаева*
*Тел. 87026721833*

Сканировано с CamScanner

# Абай

## кісілік кодексі

- ✓ ҚҰДАЙДАН ҚОРЫҚ, ПЕНДЕДЕН ҰЯЛ
- ✓ АДАЛ ЖҮРІП, АДАЛ ТҰР
- ✓ ДОСЫҢА ДОСТЫҚ – ҚАРЫЗ ІС
- ✓ ДҰШПАНЫҢА ӘДІЛ БОЛ
- ✓ МЫҚТЫ БОЛСАҢ, ӨЗІҢНІҢ НӘПСІҢДІ ЖЕҢ
- ✓ АҚЫЛ, ҚАЙРАТ, ЖҮРЕКТІ БІРДЕЙ ҰСТА
- ✓ АҚЫРЫН ЖҮРІП, АНЫҚ БАС
- ✓ ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА
- ✓ ӘСЕМПАЗ БОЛМА ӘРНЕГЕ
- ✓ ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА
- ✓ КІСІГЕ БІЛІМІНЕ ҚАРАЙ БОЛЫСТЫҚ ҚЫЛ
- ✓ ЖАН АЯМАЙ КӘСІП ҚЫЛ
- ✓ ІСІМ ӨНСІН ДЕСЕҢ, РЕТІН ТАП
- ✓ БЕС НӘРСЕГЕ АСЫҚ БОЛ:
  - ТАЛАП
  - ЕҢБЕК
  - ТЕРЕҢ ОЙ
  - ҚАНАҒАТ
  - РАҚЫМ



- ✓ БЕС НӘРСЕДЕН ҚАШЫҚ БОЛ:
  - ӨТІРІК
  - ӨСЕК
  - МАҚТАНШАҚ
  - ЕРІНШЕК
  - БЕКЕР МАЛ ШАШПАҚ
- ✓ ЖҮРЕГІҢНІҢ ТҮБІНЕ ТЕРЕҢ БОЙЛА
- ✓ АДАМЗАТТЫҢ БӘРІН СҮЙ БАУЫРЫМ ДЕП
- ✓ ӨЗІҢДІ ӨЗІҢ КҮЗЕТ
- ✓ ӘУЕЛІ ҚҰДАЙҒА СЫЙЫНЫП, ЕКІНШІ ӨЗ ҚАЙРАТЫҢА СҮЙЕНІП, ЕҢБЕГІҢДІ САУ

Абай. Кісілік кодекс / Құрастырған, жалпы ред. басқарған Ж. Дәдебаев; электрондық басылымды дайындағандар: Л. Мусалы, Б. Доспанова, Г. Ыбырайқызы, Л. Кеңесбаева; көркем безендірген Л. Кенжеғалиева. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015. – 41 б. ISBN 978-601-08-5661-5

01-01-26-2102 от 27.03.2026


**«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»**
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
**«КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ»**

NON-PROFIT JOINT-STOCK COMPANY
**«AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY»**

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71
Тел: +7 (727) 377-33-30, Факс: +7 (727) 377-33-44
www.kaznu.kz E-mail: info@kaznu.kz

050040, Almaty, Al-Farabi Av., 71
Tel: +7(727) 377-33-30, Fax: +7(727) 377-33-44
www.kaznu.kz E-mail: info@kaznu.kz

050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71
Тел: +7 (727) 377-33-30, Факс: +7 (727) 377-33-44
www.kaznu.kz E-mail: info@kaznu.kz


**Қазақстан Республикасы**
**облыс және қала әкімдіктеріне**

# ҰСЫНЫС ХАТ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2026 жылдың 23 қаңтарында ҚР Президенті Әкімшілігінің өкілі, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, Астана, Алматы әкімшілігі мен ҚР Оқу-ағарту министрлігі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі өкілдерінің қатысуымен Абайдың 180 жылдығын қорытындылау және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 5 қарашадағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» аясындағы міндеттерді іс жүзіне асыру мақсатында өткізілген кеңейтілген Ғылыми кеңес мәжілісінде қабылданған Қаулыға сәйкес *Абайдың Кісілік кодексін* цифрлық форматта көрнекі үлгідегі заманауи баннерлерге салып, қалааралық және қала ішіндегі даңғыл жолдардың бойында, демалыс орындарында, сондай-ақ білім, ғылым, мәдениет, әкімдік мекемелерінің алаңдарында орнату туралы және көпшіліктің игілігіне айналдыру жөнінде ұсыныс жасаймыз.

Осы ұсыныс хатқа *Абайдың Кісілік кодексінің* электронды нұсқасы қоса жіберілді.

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры — Ж.Қ. Түймебаев

*Орындаушы: М. Мәмбетова*
*Тел.:+7 707 108 6887*

01-01-26-2102 от 27.03.2026

| | |
|---|---|
| **Подписант** | Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, ТУЙМЕБАЕВ ЖАНСЕЙТ, Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный университет имени Аль-Фараби", BIN990140001154 |
| ***Уникальный код:*** | C095E5969B0D4131 |
| ***Короткая ссылка:*** | https://short.kaznu.kz/sRbzGE |
| | Электрондық құжатты тексеру үшін: https://odo.kaznu.kz/verify мекен-жайына өтіп, қажетті жолдарды толтырыңыз. Электрондық құжаттың көшірмесін тексеру үшін қысқа сілтемеге өтіңіз немесе QR код арқылы оқыңыз. Бұл құжат, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтарда шыққан Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес, қағаз құжатпен тең дәрежелі болып табылады. / Для проверки электронного документа перейдите по адресу: https://odo.kaznu.kz/verify и заполните необходимые поля. Для проверки копии электронного документа перейдите по короткой ссылке или считайте QR код. Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. |

Сканировано с CamScanner

*«Абайдың білім концепциясында әр қырынан негізделген танымдық әрекеттердің иерархиялық жүйесін бұзбай, өзгертпей қабылдап, білім беру, оқу үдерісіне енгізудің үлкен әлеуметтік маңызы бар. Абайдың осы иерархиялық жүйесін біз Абай таксономиясы деп атаймыз».*

*Профессор Ж. Дәдебаев*

# АБАЙДЫҢ ТАКСОНОМИЯСЫ







https://abainst.kz/?cat=287
https://elibrary.kaznu.kz/ru/node/7912
+7 (727) 377 3330 (ішкі: 1921)
Абай ҒЗИ - ҚазҰУ

Сканировано с CamScanner